Мұхтар ӘУЕЗОВ

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ

Пролетариаттың ұлы жазушысы М. Горький халық ақыны Сүлейман Стальскийді Гомермен батыл да дұрыс салыстырды. Егер Гомер есімі ғасырлар, замандар бойы грек эпосын жасаған халық ақындарының сан ықылым буын, ұрпақтарын бейнелейтін жиынтық есім болса, соңғы дәуірлерде халық творчествосын дәл сондай топтастырған жиынтық есімдер ашуг Сүлейман Стальский мен ақын Жамбылдың және тағы басқа солар сияқты халық поэзиясы өкілдерінің еншісіне тиді. Әлемнің барлық халықтарында дүние жүзілік эпос пен фольклордың небір асыл мұраларын жасаған ақындар болған, бірақ олар тарихта аэдтер, рапсодтар, баяндар, бардтар, ақындар, жыршылар ролінде ғана белгісіз беймағлұм өтіп кетті. Тек біздің казіргі заманда, халық даналығы тудырған шығармалар жоғары терең бағаланды. Советтік дәуірде ғана, бұл халық творчествосының інжу-маржан асылдарын жасаушылардың есімдері өздерінің лайықты орындарына ие болды. Ұлы Одақтың барлық азат болып, қайта туған халықтарының ішінде орденді ашуггер, ақындар, ғафиздер, бақшылар, жырау, жыршылар, жомоқшылар ретінде мәшһүр боп танылды.

Олардың творчестволық бет-бейнелерін анықтау және шығармаларын тарихи-әдеби тұрғыда зерттеу дегенді тарихи зерттеудің өз алдына бір жырақ, оқшау объектісі деген ұғымға саймау керек. Дәуірді, халықтар мен халық мәдениеттерінің тарихын Ленинше ұғыну және бағалау бізге құбылыстарды үздіксіз байланыста, тарихи процестердің органикалық бірлігінде алып талдау жасауға үйретеді.

Халық ақындарының шығармалары да шын мәніндегі халықтық туындылар ретінде өткенмен өзара байланыста, қазіргімен қоян-қолтық жымдасқан бірлікте зерттелуі керек. Табиғатынан туа тайпалық мәдениет деген жоқ, дамудың белгілі бір сатысындағы адамзат мәдениеті бар, – міне, совет фольклористикасының негізгі қағидасы осы. Мұның өзі Жамбылды бүкіл творчестволық ортасымен жеке-дара, оқшау түрде емес, сонау алыс өткендегімен және бүгінгімен терең тамырлас, органикалық бірлік-байланыста; сол сияқты тек қазақ халқының ғана емес, барлық басқа халықтардың да рухани мәдениетінің тарихымен үздіксіз байланыста алып бағалауға көмектеседі.

Жамбыл творчествосының негізгі мотивтері мен идеялық, тарихи тамырлары тікелей оның алдында өткен Махамбет, Сүйінбай, т.б. поэзиясында ғана жатқан жоқ, әлдеқайда тереңде – сан халықтың әрі сан ғасырлық сонау көне заманғы эпосында, тарихи жырларында, аңыздары мен әңгіме, хикая-мұраларында жатыр. Өткендегі әлемдік фольклорда тайға

таңба басқандай бедерлі, айқын көрінетін басты екі арна бары мәлім. Оның біріншісі – халықтың сол тұстағы әлеуметтік-саяси құрылысқа деген наразылығын, Ленинше айтқанда, «өздерін қанаушыларға қарсы күресте ғасырлар бойы күш салып» келе жатқанын көрсетеді. «Мың бір түн», «Тристан мен Изольда», «Зухак пен Жәмшит» туралы көне парсы аңызы, азербайжан ертегісі «Бахтияр», қазақтың «Жиренше туралы аңызы» және т. с. с. бұған айғақ. Мұнда біресе «Сфинкс» (Эдип) бейнесінде немесе жалмауыз аждаһа («Тристанда») бейнесінде, біресе тікелей жауыз әмірші патша Зухар бейнесінде, «Мың бір түндегі» патша бейнесінде, немесе «Бахтиярдағы», сондай-ақ «Жиренше туралы аңыздағы» қаскөй шах пен хан бейнесінде тұтас бір елге, не бір шаһарға, не халық сүйіктісі болған жазықсыз дарынды жеке адамға қастандық жасап, зар жылатқан қаныпезер қанаушылардың жиынтық образдары берілген. Әлемдік фольклордың жоғарыда аталған аса көрнекті ескерткіштерінің бәрі де сол бір жәдігөй, қатал-қатыгездікке қарсы күрес, талас-тартысқа бағытталған.

Барша халықтың бар уақыттағы әлемдік фольклорының тағы бір негізгі арнасы болашаққа, аңсаған алыс арманға арналған. Бұл – адамзаттың жөргектегі кезеңінің, шын мәніндегі бесік жыры, тыныш ұйқы, тәтті түсі тәрізді. Адамның өз кезіне, өз заманына қанағаттанбаған қанатты қиялы оны белгісіз өлкеге, беймәлім қиян-қиыр елдерге, заманаларға алып ұшады. Мұнда ақиқат шындық дүние мен қиялдағы дүние жымдасып, біртұтас ұласқан күйде суреттеледі де, осындай туындыларда халықтар ұлы оптимистер ретінде көрінеді. Халық творчествосының осы бір ерекшелігін – халыққа тән оптимизмді – А.М. Горький өте дұрыс атап көрсетті. Халық творчествосының мұндай түрлерінің мысалы толып жатыр, әрі олар әлемдік фольклордың ең таңдаулы үлгілері. Көптеген халықтардың барлық ертегілері, батырлық және лирикалық эпостары, аңыз-әңгімелері, қисса-хикаяттары әлдебір арман еткен қиялдағы ел туралы, ұшқыш кілем туралы, самұрық құс, сиқырлы ат туралы, ақыр соңында, су астындағы, жер астындағы патшалықтар туралы толғайды. Халықтың өз заманын, өз кезін місе тұтпаған ойлары мен сезімі, арманы мен қиялы сонау шырқау биіктер мен алыстарға самғайды және де бұл мақсатсыз қаңғып кезе беру үшін емес, тағы да неғұрлым жақсы өмірді, адам тірлігіне қажетті, лайықты жақсы жағдайларды іздеп табу үшін ғасырлар бойы күш салғандықты бейнелейді. Халық творчествосының негізгі осы қос ағыс-арнасы Жамбылдың Октябрьге дейінгі көптеген жылдардағы поэзиясы мен бүкіл бет-бейнесін белгілейді. Манаптар мен төрелерді сағалаған «мал үшін тілін безеп, жанын жалдаған» кейбір жекелеген ақындардан бұл ақынның репертуары мен жанры өзгеше болды. Хандар, төрелер мен бектер билеген халықтың өткен тарихына қанағаттанбаған, Қоқан хандығы қойған датқалар мен қазылардың билігімен де сыйыспаған Жамбыл ұзақ жылдар бойы патша өкіметі жалдаптарының барлық зұлымдықтарын аяусыз әшкерелеуші болып қалды және халықтан қолдау тапты. Ауызекі қолма-қол шығарып

айтқан зілді де, ащы ажуа өлеңдерінде шамадан тыс ауыр алым-салықты, әділетсіз сотты, чиновниктердің, манаптардың, бектердің, байлардың халықтар мен тайпалардың арасына от тастап, араздықты қолдан қоздыратынын кектене айыптай отырып ол, сонымен қатар ел қамын жеген ерлер, есімі аңызға айналған халық қамқоры, батырлар жайында, арман-үміт еткен ел жайында халықпен бірге тамаша жырлар туғызды. Жырдың екі түрін жасағанда да ақын өзінің алдында өткен халық ақындарының ең таңдаулы дәстүрлерін үлгі тұтты. Ол өз творчествосының нағыз халықтық мән-мағынасын халықтардың және оптимистік үміткер ұрпақтардың шындық үшін күрескен, шындықты іздеген халық поэзиясының өлмес, өшпес, ғасырлар бойғы, азбас-тозбас мотивтерімен терең байланыстан іздеп тапты. Халық ақыны Жамбыл творчествосының негізінде де халық поэзиясының осындай прогресшіл, өміршеңдік мәні жатыр. Осы тұрғыдан алғанда Жамбыл шығарған «Өтеген батыр», «Сұраншы туралы», «Саурық туралы», «Жапар туралы» эпикалық жырлар циклы т. б. халықтық белгілі бір мүдде-мақсат көздеген идеясының репертуарын құрайды. Бұл жылдардың геройлары – халықтар мен зілсіз тайпалардың мүдделерін қорғаған, соларға бақыт іздеген, есімдері жартылай аңызға айналған қамқор батырлар. Жамбылдың шығарымпаздық творчествосындағы тағы бір негізгі жанр – айтыс, ол үшін әшкерелеуші поэзияның ең бір сүйікті формасы болды. Жамбыл ақын көбінесе осы жанрда қалыптасты. Ақын дарыны дәстүр бойынша бұрыннан мәшһүр болған бір ақынмен айтысу арқылы танылады. Бұл творчестволық жекпе-жекте, ақындық сөз жарысында қарсыласының соққысына әрі шапшаң, әрі өткір де ұтымды жауап беріп, қарымта қайыру орындаушылық творчестволық акт болып табылады. Қатысып, куәгер боп, баға беріп отыратын алқалы топ тыңдаушылардың ортасында өтетін бұл айтыстар театр оқиғаларының элементтерін де қоса қамтитын және әннің де тікелей туар актісі болатын. Бұл жекпе-жекте жүйрік, тапқырлыққа жаттығып, сынға түсу ақынның дарыны мен дағдысын ерекше түрде қалыптастырған. Ол негізінен, импровизатор, логикалық тыңғылықты ойларын, небір нәзік, жанды жерінен дөп басып айтар дау-тартыстарды және күтпеген өткір әзіл-әжуаларды ойда жоқта қолма-қол айтып жіберетін тапқыр. Ал айтыс нәтижесін әннің көптігі не әсемдігі емес, әрбір шешендік сөздегі немесе дау-тартыстағы сияқты, ақыл-ойдың алғырлығы, айтылған сөздердің логикалық байланыс жүйесі шешетін болғандықтан, айтыс жанры ақынның жан-жақты, мол білімдар, айналадағы барлық құбылысқа дайын да, орынды жауап бере білетіндей болуын талап етеді. Халық туындыларының әр түрлі, әрине, соншалықты мол репертуарынан басқа ақындар халықтардың, рулардың тарихи саласынан, география саласынан т.б. көптеген жайлардан мол хабардар болуға тиісті еді.

Өмірдің бар құбылыстарына құлақ түріп, хабардар болып, қадағалау ақындарды өткенмен де, бүгінгімен де жанды байланыс жасап отыруға

баулыды. Халқына, айнала қоршаған ортасына не нәрсе мағлұм болса, ақын соны біліп, жадында сақтап отыруға тиіс. Ол – өз халқына, өз кезіне тән білімдердің тірі энциклопедиясы. Жамбылдың туған жері бұрынғы Жетісу өңірінде «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең» түрінде бір алуан айтыс өріс алды. Бұл – ақындардың география саласынан білімдерін тексеру ретіндегі шағын тақырыпқа айтысуы. Ақындардың әрқайсысы өздеріне мәлім өзен, тауларды, елдер мен жерлерді тәптіштеп, санап, әсем суреттеп жырға қосты. Шын мәніндегі халық поэзиясының өкілі Жамбылдың өзіне таныс ұлттық тар шеңберде шектеліп қалмай, халық творчествосының ең таңдаулы дәстүрі негізінде өзінің ақындық қызметінің шеңберін бүгінгі біздің заманда бүкіл ұлы Одақтың интернационалдық көкжиегіне дейін кеңейтуіне көмектескен халықтық негіздің бір тамаша ерекшелігі осында.

Жамбыл ақындығының кейбір жекелеген қырларын танып білуге көмектесетін халық поэзиясының тағы бір тамаша ерекшелігі – халық творчествосының айналадағы өмірдің әрбір елеулі құбылысына дереу үн қатып отыру нәтижесінде туатындығы. Халық творчествосы өмірден артта қалмай, онымен иін тіресіп, үзеңгілес қатар жүріп отырады. Және халық ақыны бар оқиғаға индивидуалдық жазба ақыннан гөрі әлдеқайда бұрынырақ назар аударып, үн қатады. Халық поэзиясы анағұрлым шапшаң да іскер. Оның дәстүрлерінің өзі солай. Өткенде барлық халық небір апат-алапат, бақытсыздық пен соғысты да, көтерілістерді де, салт, тұрмыс ырым-жырымын да, әр алуан көңіл ашар қызығын да әнмен, жырмен шығарып салып отырған. Осы оқиғалардың бәрі де соларға қатысқан не көзбен көрген куәгер ақыннан қолма-қол ән мен жыр шығаруды талап еткен. Және халық поэзиясының дәстүріне шын берілген ақынның өзі де көзбен көргеніне үндемей қала алмас еді. Біздің Одақтың жан-жақты өмірінің өзі естіген әрбір фактісіне іле творчестволық назар аударып, қолма-қол үн қатып отыру – Жамбылдың творчестволық бет-бейнесінің халықтық сипатын айқындайтын өзгеше бір ерекшелік. Бірақ жалпы халық ақындарының типі әр басқа. Бір алуан топ ақынның творчестволық мамандық-машықтары, репертуары мен жанры екінші бір топ ақындардікіне мүлде ұқсамайды. Эпик халық ақындары бар (Марабай типтес); лирик әнші-ақындар бар (Біржан, Ақан, Жаяу Мұса типтес); тек қана импровизатор айтыс ақындары бар (Шөже, Құлманбет типтес); сондай-ақ халық мұңшысы ақындар да бар (Асан Қайғы типтес). Сол сияқты патша жалдаптары мен хандарға қарсы күреске, көтеріліске үндеген өлеңдер мен тарихи жырлар шығарған ақындардың есімдері де өте-мөте әйгілі.

Әрбір көрнекті үлкен ақын өз дәуірінде халық творчествосының үлгісі ретінде сол өзі таңдаған жанрды дәріптеп көтермеледі де, сөйтіп, өзі типтес ақындардың мерейін үстем қып ұстады. Жамбылдың өзгеше бір ұнамды ерекшелігі – ол өзі шығарған жыр шеңберінде өзінен бұрын өткен көптеген ақындардан репертуар жағынан да кең, бай болды. Ол бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны. Индивидуалдық

әдебиеттегі әрбір көрнекті ірі құбылыс өзінен соң еліктеуші әдебиет, эпигондық мектеп туғызып, сөйтіп өзіне орта жасап алатыны сияқты, халық поэзиясындағы үлкен ақын да өз жолын қуған ізбасар, шәкірттері арқылы өзіне ақындық орта жасап алады. Жамбыл творчестволық бет-бейнесі, мән-мағынасы жағынан өзінің тікелей алдында өткен ұстазы Сүйінбайға өте жақын, сонымен туыстас, сарындас. Ал Жамбыл төңірегіне топтанған кіші, жас ақындар қазір өз творчествосында жалпы ақындық-шығарғыштық және жанрлық-репертуарлық бет-бейнелерімен, бағыт-бағдарларымен Жамбылға жақын, сонымен үндес. Бүкіл әлемдік әдебиет пен фольклорда бұл сияқты тарихи заңды құбылыстар мейлінше мол-ақ. Эпикалық ескілікті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, жаттап алу дәстүрін жалғастырып, қалыптастырған эпик ақындардың тұтас есімдері болған. Белгілі бір ру ішінде есімі елге әйгілі болған үлкен ақынға ілесе суырып салып, қолма-қол айтатын импровизатор айтыс ақындары лек-легімен, топ-тобымен шыққан. Мысалы, XIX ғасырда қазақтың байтақ даласын ұзақ шарлаған атақты Жанақ ақын бір сапарында Сыбан руының он жеті ақынымен айтысқан. Ал Жамбыл Құланаян Құлманбетпен айтысқан күні тек Албан руының ғана бұрын даңқты ақыннан жеңіліп қалған тоғыз ақыны домбыраларын қойып, қатысып, тыңдап отырған. Ал Жамбыл туған аз ру Екейде қазір, өлген ақындарды (соның ішінде Жамбылдың талантты ұлы да бар) қоспағанда еркек-әйелі аралас жиырма шақты ақын бар.

Олардың жас шамаларының басқыш, сатылары да қызық. 93 жастағы Жамбылдан басталған тірі тізбек үзілместен 13-15 жасар мектеп жасындағы шәкірт ақындарға дейін жетеді. Және де, шамамен алғанда, әрбір он жылға бір немесе бірнеше ақыннан келіп отырады. Жамбыл тек өз шығармаларымен ғана емес, сонымен бірге өзі тәрбиелеп, баулыған ер, әйел ақындар тобымен де халық поэзиясының бұтағы, бүрі мол бәйтерегі. Халық ақыны Жамбыл тек өз шығармаларымен ғана емес, тарихи-әдеби зерттеу тұрғысынан да, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен де аса зор құбылыс. Ол фольклорды белгісіз, құпия (анонимные) ақындардың ғана творчестволық еншісі деп менсінбей, енжар қарауға бағытталған буржуазиялық үйреншікті ұғымды қиратып отыр. Ол, сондай-ақ ауызша және жазбаша, индивидуалдық поэзия деп әдеттегідей тарихи-әдеби бөлушілікті де қиратып отыр.

Бұл ғылымның идивидуалдық ақынға деген үйреншікті нормасы Жамбылға дәл келмейді, өйткені ол жазбайды, әндетіп ауызекі орындайды. Екінші жағынан, ол сырт қарағанда, синкретизмдік өнердің атам заманғы (архаический) түрінің көрінісі тәрізді. Оның ақындық өндіріс құралы – домбыраны әнге қосылтып отыруында театр оқиғаларының элементтері де бар. Ал осының бәрімен қоса, ең бастысы, ол — Жамбыл, біздің ұлы заманымыздың жоғары сапалы көркем саяси поэзиясын жасаушы. Ол — социалистік мәдени заманымыздың табыстары мен жеңістері пафосының ең дарынды, ең асқақ жыршысы. Ол — адамзаттық бесіктен белі шықпаған

жөргектегі кезеңінен бастап халықтар мен ұрпақтар түсінде ғана көріп, еміс-еміс қана сезінген, сол үшін күрескен мәңгі өшпес шындықтың толық жүзеге асқан жанды бейнесі. Алдыңғы қатарлы советтік социалистік поэзияға халық ақындары, ашугтар, бахшылар т. б. қосқан творчестволық қуатты ағыс-арна өзінің барлық қол жеткен айқын табыстарымен Одақтың капитализм кезеңін аттап өткен көптеген халықтарының тарихи дамуындағы өркен жайған мәдени-тарихи өніктілікті дәлелдейді. Халықтың өзінің өлмейтін, қайта гүлденіп өсе беретін негізгі халықтық рухани мәдениеті мен бірыңғай социалистік мәдениетті жасаушы, тағы да сол халықтың өзі үшін жасалып, гүлдене өсіп дами беретін революциялық әдебиеттік индивидуалдық поэзиясының озат мәдениеті арасында бөгет болар үзіліс, тосқауыл жоқ. Бұрын ескі арнада тарих бөлшектеп, ыдыратып келген халықтардың ең өлмес-өшпес, қымбат қазынасы біздің Одақта бүгінде Ұлы Отанымыздың бірыңғай мәдениетіне қосылып, етене араласып кетті. Біздің Жамбылдар, Стальскийлер т. б. с. сияқты ақын, ашугтарымыздың творчестволық туындылары түрінде сан-салалы да алуан арна-ағыс боп келіп қосылды, осында Жамбылдың творчестволық бет-бейнесі, поэзиясының мән-мағынасы, халықтық тамырлары туралы айтылған негізгі жағдайлардың бәрі барлық қалған халық ақындарына да түгелдей қатысты. Бұрын Жамбыл әсерін оның төңірегіндегі барлық ақын өз творчествосында айқын көрсеткен болса, енді қарт ақынның жаңа шығармаларының баспасөз бетінде жарыққа шығуына байланысты Қазақстанның тіпті барлық шалғай облыстары мен алыс аудандарының өзінде кәрі-жас буын ақындар оның әсерін айқын сезініп отыр. Мұның өзі табиғи нәрсе. Өйткені, бұл ақындардың бәр-бәрісі де: Өмірзақ, Орымбай, Естай, Әріп, Оспантайлардан бастап, Қастек ауданындағы Жамбылдың ақын шәкірттері: Өтеп, Саяділ т. б. дейін түгелге жуық Жамбылға жақын буынның өкілдері — олар отаршыл ескі Россияның халықтар үшін қаншалықты қараңғы түнек түрме болғанын, сондай-ақ хандар мен билер өктемдігінің тұсындағы патриархалдық-феодалдық мәдениетсіздік тарихы дегеннің не екенін жақсы біледі. Бұл ақындардың бәрі де халықтың ең кедей, енбекші қауымның қайнаған ортасынан шыққандар. Сондықтан да, оларға шын мәніндегі халықтық дегеннің бәрі де қанына туа сіңген етене жақын. Олардың халықтың патша өкіметіне қарсы күресі туралы ерлік жырлары, 1916 жылғы белгілі халық қайғысы мен қасіреті туралы жырлары күрес ұраны, күрес туы болды. Бұл жылдары соншалықты ыстық ынтамен жан аямай көп жырлады. Верныйдың губернаторы сол кезде Жамбыл бастаған барлық ақынды айдап әкеліп, атқораға қамап, алдағы уақытта халықтық жырларды айтуға үзілді-кесілді тыйым салып, тек діни уағыз өлеңдерді ғана айтуға рұқсат етуі тегіннен-тегін емес еді. Халықтық терең тамырдан өсіп шыққан, 1916 жылдың қатаң, қаһарлы уақиғаларын бастан кешіп, тәлім алған жаңа тап күресінің бұдан да күшейген шағында — Азамат соғысы кезінде, ауылды советтендіру тұсында — қоғам мен бүкіл

адамзат өмірі туралы лениндік шындықты ұғынып, көзі жеткен бұл ақындар революциялық халық поэзиясына келіп қосылды. Өздерінің алдындағы қарт дана ұстазы Жамбыл совет поэзиясына қалай келсе, бұлар да дәл солай логикалық жағын әбден пайымдап, ойланып-толғанып, органикалық жолмен келді. Сондықтан да біздің Одақтың барлық халық ақындарының творчествосы сияқты бұлардың творчествосының орталық, басты тақырыбы да ұлы халық қамқорларының есімдері мен образдары, халыққа жарық сәуле мен өмір берген шынайы ерлердің есімдері болды. Мәселен, барлық ақындардың творчествосында Қызыл Армия туралы, бұрын бытыраңқы халықтардың туысқандығы мен тең праволылығы туралы, жер мен игілікті еңбек туралы, колхоз туралы, машиналар туралы оқу ағарту ісі туралы, социалистік жарлық туралы және сонғы жылдары өздерінің шексіз сүйікті Отанын қорғау мен Ұлы Заң туралы жырлар маңызды орын алады.

Сонымен бірге бұл ақындардың біздің мәдени-техникалық табыстарымызды түсініп қабылдауы мен оларды индивидуалдық ақындардың қабылдауы арасындағы зор айырмашылықты ерекше атап көрсету кажет. Өздеріне бұрын таныс емес, мүлде тың бұл өмірлік құбылыстарды барынша, айқын сезінулерінің пәк таза жастығы, өткірлігі жағынан бұл ақындар поэзияны өмірмен етене жақын да терең туыстыратын әлдеқайда қолайлы жағдайда тұр. Олар барлық өмір құбылыстарына қолма-қол назар аударуда ең шапшаң, іскер, ең қарапайым, дана адамдар. Сөз жоқ, халық ақындары творчествосының мән-мағынасы мен тақырыптары, барлық осы ерекшеліктері тек қазақ ақындарына ғана емес, сонымен бірге Бүкіл Одақтың барлық халық поэзиясы өкілдеріне де тән, ортақ. Сондықтан да олардың өткенмен байланыс тұрғысынан халықтық негізінде тарихи туып, қалыптасқандығын зерттей отырып, бүгін біз өз замандастарымыз — халық ақындарын алдымен өзара қоян-қолтық бірлік, байланыс тұрғысынан шынайы халық мәдениеттерінің өзара интернационалдық тіл, үйлесім табуы, интернационалдық-халықтық сипаттарының бірлігі тұрғысынан зерттеуге тиіспіз (Жамбыл тәжірибесі бәріне де қатысты). Сонымен қатар әрбір ақынның творчествосы мен ерекшеліктерін жеке-жеке нақты зерттеу қажет. Жамбыл шәкірттерінің ішінен өткір, ойнақы жырларды қолма-қол шығаратын (мұнысы Жамбылдың жас кезін еске түсіреді) Үмбетәліден басқа Жамбылдың тарихи жырлар мен оқиғалы (сюжетті) поэмалар жасау дәстүрін жалғастырушы Өтеп және Саяділ сияқты басқа да ақындарды білеміз. Біздің ақындар творчествосында үстем боп отырған ауызекі поэзиясының ұсақ формаларымен қабат дәстүрлі халық творчествосының басқа ірі жанрларын өркендету аса маңызды. Өте-мөте құнды. Ақындар, бұрынғысынша, Азамат соғысындағы ерлік туралы, бүгінгі күннің ерлік оқиғалары мен образдары туралы поэмалар, тарихи жырлар, хикаялар, аңыз-әңгімелер, ертегілер жасауға тиіс. Жазушылар одағының басшылығы олардың қызметін осындай поэтикалық міндеттерді орындауға бағыттауы, творчестволық

көмек көрсетуі керек. Ал ол үшін ақындардың жалпы таным, білім, түсініктерін кеңейтуге жан-жақты көмектесу керек. Қастек ақындарының ең алдымен большевизм негіздерін оқып үйренуге болатындай әдеби үйірме ашып беру туралы бірауыздан айтқан өтініштерін сөзсіз құптау кажет. Сонымен бірге ақындардың поэмалар, халықтық романдар жасауына көмектесе білу қажет. Кей жерлерде бар колхоздар мен бригадалар арасындағы айтыстарды қолдау, ынталандыру керек. Ақындардың шығармаларын: олардың социалистік жарыс, стахановтық еңбек туралы, бесжылдықтардың міндеттері туралы, социалистік құрылыстың жоспарлары туралы ауызекі, қолма-қол шығарып айтқан жырларын қалың көпшілікке жеткізіп таратуға барынша жағдай жасау керек. Кейде ақындардың өздері де, өз ауданында, колхозында, творчестволық жағынан нақтылау болуы қажет.

Көптеген жағдайда олардың жанынан шығарып айту творчествосының негізінде өз колхозының, ауданының, совхозының күнделікті өмірі мен еңбек тақырыптары жатуға тиіс т/ с. Аудан өмірінің елеулі құбылыстарына әсем де әдемі өлең-жырлармен жанды үн қатып отыру, аудандағы партиялық-советтік құрылысқа деген оперативтік іскерлік көмекке айналуға тиіс. Советтік халық поэзиясының алыбы Жамбылдың үлгілі, тамаша тәжірибесін есте сақтай отырып, ақындар жергілікті жерде қалың көпшілікті қырағылыққа үйретуге, олардың патриоттық сезімдерін, Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, өз Отанын қорғауға әзірлікке баулуға тиіс. Жауға деген өшпенділікті, кекті жырлар, өзара сынды өрістетуге көмектесетін т. б. жырлар жасау кажет. Міне, Совет елінің ақындарының алдында тұрған тарихи революциялық игі міндеттер осындай...

Өзінің туып қалыптасу және өмір орнатушылық функциялары жағынан совет фольклоры тек тарихи-әдеби зерттеудің объектісі ғана емес, біздің қоғамдық жұртшылық оны қалың көпшілікке көркемдік-тәрбиелік ықпал етудің қуатты құралдарының бірі деп әлдеқашаннан-ақ дұрыс танып бағалап келеді. Ұлы Одақтың барлық халықтарының - ақындарының, ашугтарының, бахшыларының — интернационалдық достық хоры қуатты халық жырларын, бүкіл еліміздің тамыр соғысымен үндес, үйлес шырқауы тегін емес, ол хордың ішінде дара дауысты бастаушының бірі - өткен ғасырдың орта шенінен бермен қарай халық творчествосының терең, тұңғиық түбінен тартып, шын мәніндегі халықтық туындының алтын ағыс-арнасын алып келе жатқан, халық поэзиясының дана, қарт алыбы Жамбыл.

1938